Ембі қызмет көрсету саласы колледжінде өткен ата-аналар жиналысының

Хаттамасы 1

Болған күні: 22.09.2022

Қатысқандар саны: 40

Жалпы ата-аналар жиналысының

Күн тәртібіндегі мәселелері:

1.Өткен 2021-2022 оқу жылының қортындысы.2022-2023 оқу жылы ның мақсат-міндеттері. Колледж директоры Ж.Оразханов

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы тоқталу колледжің директордының оқу ісінің орынбасары Баешева Феризат Сидагалиевна.

3.Колледж ішкі тәртәп ережесімен таныстыру колледждің директорының тәрбие ісінің орынбасары Абишева Мольдир Данибековна

4. Колледж психологы Ибраева Зухра Набиевна тренинг «Кедергілер» өткізді

Тыңдалды:

1. Өткен 2021-2022 оқу жылының қортындысы.2022-2023 оқу жылының мақсат-міндеттері Бірінші сұрақ бойынша колледж директоры Ж.Оразханов 2021-2022 оқу жылының жақсы өткенін, әсіресе *WorldSkills* чемпионатына 1 білім алушы қатысып жақсы нәтиже көрсетіп 3 орын иеленгенін айтып өтті, сонымен қатар екі жақты келісім шарт негізінде қаржыландыру көмек бойынша колледжге дәнекерлеу ісі мамандығы бойынша көптеген жаңа құрылғылармен жаңартылғанын баса айтты. Және түрлі байқаулар мен сайыстардың, конференциялардың нәтижелерін айтып өтіп, жаңа 2022-2023 оқу жылының мақсат- міндеттеріне тоқталып кетті.
2. Екінші сұрақ бойынша Колледжіміздің директордын оқу ісінің орынбасары Баешева Феризат Сидагалиевна мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен таныстырып өтті.. Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарға құжаттар қабылдау яғни 1 курсқа қабылданатын студенттердің қабылдануы туралы. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру туралы. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру. Сонымен қатар бір мезгіл ыстық тамақ пен қамтамассыз ету туралы тоқатылып өтті.
3. Үшінші сұрақ бойынша Колледж ішкі тәртәп ережесімен таныстыру колледждің директорының тәрбие ісінің орынбасары Абишева Мольдир Данибековна оқу жылының басында білім алушылардың үйлері араланып тұрмыс жағдайын зерттеу актісі жасалды. Колледж асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып,кітапханадан кітаптармен толық қамтылып отырылады. Сонымен қатар шәкіртақы 1 студентке 26144 тенге және жақсы оқыған үшін 30066 тенге көлемінде төленеді. Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен сонын ішінде Білім алушылардың негізгі

міндеттері ,себепті жағдайлармен немесе ауруына байланысты сабақтан 3 күн қалған жағдайда оқу ісі орынбасарына немесе топ кураторына хабарлау тиіс. Ауырған жағдайда ауырғнын дәлелдейтін анықтамасы болуы керек . Білім алушыларға білім беру мекемесінің аумағына кез –келген мақсатта қару, жарылғыш немес өртенгіш заттар, газды шынырлар,спирттік сусындар, темекілер,есірткілер, тағы да басқа есеңгіретететін немесе улы құралдар,оқу қызметіне қатысты жоқ айналысындағы адамадардың денсаулығына зақым келтіретін заттар алып келуге тыйым салынатыны туралы және тағы да басқа мәселелерге колледжіміздің директорының тәрбие ісінің орынбасары Абишева М.Д тоқтала кетті.

4. Төртінші сұрақ бойынша колледж психологы З.Ибраева ата-аналармен тренинг жүргізіп, колледждегі «Сенім» жәшігі жұмыс жасайтынын айтып өтті.

Шығып сөйлеушілер:

1. Менеева Динара: мен 1-курс студенті Менеева Аружанның анасымын. Қызым сабаққа классикалық үлгідегі шалбарды кисе қалай болады?
2. Канапина Дильнара: I жарты жылдықтан кейін стипендияны жалғастырып алуға қандай мүмкіндіктер бар?
3. Дюсюкова Назгуль.: Айтылған мәселелер орынды. Берекелі отбасының бала тәрбиесіне тигізер пайдасы зор. Береке жоқ отбасындағы баланың өзі де ұяң немесе керісінше тәртіпсіз болуы мүмкін. Үлкен ұлым осы колледжде оқыған еді. Кіші ұлым Бағдаулетті да осында әкелдім. Оқытушылар қауымына рахметімді айтқым келеді.

Барлық сұрақтарға жауап берілді.

Қаулы етілді:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы «жақсы» деп бағалансын;
2. Жаңа 2022-2023 оқу жылының міндеттерінің орындалуына барлық жағдайлар қарастырылып,жұмыстар жүргізілсін;
3. Ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі туралы түсінігін кеңейту туралы жұмыстардың жан-жақты жүргізілуі топ жетекшілер мен колледж әкімдігіне, ата-аналар комитетіне жүктелсін;
4. Колледжішілік ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы үнемі колледж әкімшілігі тарапынан қадағаланып отырылсын;
5. Колледжішілік есепте тұрған білім алушыларды ерекше қадағалау топ жетекшілеріне міндеттелсін, шұғыл жағдайларда колледж әкімшілігіне хабарлансын;

Колледж директоры: **Ж.Оразханов**

Ата-аналар комитетінің төрайымы: **Дюсюкова Н.**



